

**Ө. А. Тұрғанов, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті, заң ғылымдарының магистрі, полиция подполковнигі**

*(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)*

### **Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде мәліметтердің құпия болуының маңыздылығы**

*Аннотация. Мақалада тергеу құпиясын құрайтын мәліметтердің жариялану жағдайы, тәртібі және көлемі зерттеледі. Тергеу құпиясын қамтамасыз ету кепілі қарастырылады. Бүгінгі күні жалпы «құпия» деген сөздің түсінігінің анықтамасы айтарлықтай шешімін таппауда. Себебі заңдарда құпия түсінігі көрсетілмеген. Әдебиеттерде «Жариялану барысында пайдасынан зияны көп болатын жағдайларды жасырын сақтау» деген анықтамалар кездеседі, алайда бұл анықтама құқықтық сипатта емес, өнегелілік түрі болып табылады. Мақалада осыған байланысты құпия мазмұны, кеңейтілген тұлғалар ортасына арналмаған мәліметті құрайтын болғандықтан оларды жариялау, оны алып жүрушілер мен сақтаушыларға өздері қаламайтын жағдайлар тудыратынына көңіл аударуы қажет деп көрсетілген. Ал қылмыстық іс жүргізу қызметі заңмен қорғалатын және алдын ала қарастырылған құпияны керек етеді.*

*Түйін сөздер: құқықтық, қатынас, құпия, институт, қылмыстық іс жүргізу, жариялылық, әрекет ету, жүйе, шектері, анықтау, қорғалу, кепіл, өңдеу, үлкен, қызығушылық, дәреже, таңдау, бастапқы, қоғамдық қатынастар, заңсыз, әсер ету, нәтижесі, жеке тұлғалар, мемлекет, зиян, құқықтық.*

Бүгінгі күні сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы жариялылық қағидасының жүзеге асырылуында ашықтығы (жариялылығы) мен жабықтығы (құпиялылығы) туралы екі даулы мәселенің бар екендігін айта өту қажет. Заң әдебиеттерінде мұндай мәселелер туралы тұрақты бір қорытынды жоқ. Кейбір авторлар құпия, жариялылықты жоққа шығарады деп көрсеткен. Мәселен, Р. Х. Якупов: «Жариялылық қағидасы алдын ала тергеудің ашықтығы мен жабықтығын реттейтін құқықтық ереженің екі жүйесінің байланысын көрсетеді деп айтуға болады. Ашықтығы — негізгі ережені жүргізуші болып табылса, ал жабықтығы — жалпыдан негізгі ережені шығару», — деп атап кеткен [1, 42].

И. Я. Дюрагиннің тұжырымдауы бойынша: «Құпиялылық, жариялылық қағидасының іске асырылуын шектесе де, ол өз алдына қылмыстық іс жүргізу құқығының институты болып табылады. Құпиялылық институты (жариялылық қағидасы ретінде) өзінің құралдарымен және өзінің дәлелденген ерекше әрекетімен қылмыстық сот өндіріс тапсырмаларының орындалуын қамсыздандыруға бейімделген» [2, 31]. Мұнда автор құпиялылық институтының әрекет етуі қазіргі кезде құпиялылық институтының мазмұны жеткіліксіз көрсетілген қылмыстық процессуалдық заңында бекітілген жағдайларда ғана жол берілетінін көрсеткен.

Құқықтық қатынаста құпия институты қылмыстық іс жүргізу жариялылығын шектеу, оның әрекет ету жүйесіне араласу шектерін анықтау және оның қорғалу кепілдерін өңдеу тұрғысынан үлкен қызығушылық тудырады. Қандай да болмасын құпияны қорғау дәрежесін таңдау барысындағы бастапқылық, ең алдымен, қоғамдық қатынастардың маңыздылығы және осындай қатынастарға заңсыз әсер ету нәтижесінде жеке тұлғаларға, қоғамға, мемлекетке зиян келтіру мүмкіндігімен анықталады. Сол себепті құпияның құқықтық қорғалуының дәрежесі әртүрлі болып келеді.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексінде (әрі қарай ҚР ҚПК) әртүрлі құпияларды қорғауға бағытталатын жариялылық қағидасынан бірнеше ерекше жағдайлар көрсетілген. Атап көрсетсек: 1) қылмыстық сот ісін жүргізу барысында Қазақстан Республикасының ҚПК-де және басқа да заңдарда көзделген, мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, алынатын мәліметтерді қорғау жөніндегі шаралар қолданылады (ҚР ҚПК-нің 47-б.); 2) тергеу судьясы материалдар сотқа келіп түскен кезден бастап сегіз сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде, осы Кодекстің 56-бабында айқындалған тәртіпті сақтай отырып, күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын

санкциялау туралы өтінішхатты прокурордың, күдіктінің, айыпталушының, оның қорғаушысының қатысуымен қарайды. (ҚР ҚПК-нің 148-б. 2-бөлімі); 3) сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректері прокурордың рұқсатымен қандай көлемде жария ету мүмкін деп танылса, сол көлемде жария етілуі мүмкін (ҚР ҚПК-нің 201-б.); 4) деректерді жариялау барысында тергеп-тексеру мүдделеріне қайшы келмесе және басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға байланысты болмауы қажет (ҚР ҚПК-нің 201-б.); 5) судья алдын ала тыңдауды сотталушыларды, оның ішінде өздеріне істі алқабилердің қатысуымен қарау құқығы тиесілі емес сотталушыларды және олардың қорғаушыларын міндетті түрде қатыстыра отырып, жеке-дара өткізеді. (ҚР ҚПК-нің 636-б. 1-бөлімі); 6) сот талқылауының жариялылығын шектеуге ол мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау мүдделеріне қайшы келгенде ғана жол беріледі. Іске қатысатын адамдардың өмірінің интимдік жақтары туралы мәліметтердің жария етілуін болғызбау мақсатында, кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша, жыныстық қылмыстар туралы істер бойынша және басқа да істер бойынша, сондай-ақ оны жәбірленушінің, куәның немесе іске қатысатын басқа да адамдардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің немесе жақын туыстарының қауіпсіздігі мүдделері талап ететін жағдайларда, соттың уәжді қаулысы бойынша жабық сот талқылауына жол беріледі. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне берілген, тергеу судьясы шешетін шағымдар да жабық сот отырысында қаралады (ҚР ҚПК-нің 29-б.); 7) судьялар кеңесінің құпиясын сақтай отырып үкімді шығару (ҚР ҚПК-нің 389-б.); 8) кәмелетке толмаған күдіктінің, айыпталушының, сотталушының құпиялыққа құқығы қылмыстық сот ісін жүргізудің барлық кезеңдерінде сақталуға тиіс (ҚР ҚПК-нің 532-б.); 9) алқабилер кеңесінің құпиясын сақтай отырып үкім шығару (ҚР ҚПК-нің 655-б.).

Бүгінгі күні жалпы «құпия» деген сөздің түсінігінің анықтамасы айтарлықтай шешімін таппауда. Себебі заңдарда құпия түсінігі көрсетілмеген, заң әдебиеттерінде де кездеспейді. Революцияға дейінгі процессуалист Л. Владимиров құпияға: «Жариялану барысында пайдасынан зияны көп болатын жағдайларды жасырын сақтау», — деп анықтама берген [3,37]. Алайда бұл анықтама құқықтық сипатта емес, өнегелілік түрі болып табылады.

Құпия анықтамасын қарастыра отырып, Л. О. Красавчикова: «Жариялануға жатпайтын кейбір тұлғаның (азаматтың, ұйымның, мемлекеттің) әрекеті (күйі және басқа да жағдайлары) туралы белгілі бір ақпарат», - деп түсіндіреді [4, 119]. Бірақ бұл түсінік те толық емес, онда құпия белгілері қамтылмаған және оны жариялаған үшін жауапкершілік туралы айтылмайды. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «құпия» — кез келген адамға айтылмайтын жасырын сыр деген анықтама беріледі [5, 543].

Осы уақытқа дейін авторлар орыс тілінің сөздігінде көрсетілген құпия анықтамасымен шектеліп келген. Олар көп жағдайларда С. И. Ожегов пен В. И. Дальдің берген анықтамаларына жүгінген. С. И. Ожеговтың пікірінше құпия: «1) шешілмеген, әлі танылмаған бірдеңе; 2) басқалардан жасырын, барлығына белгілі емес бір сыр», — деп көрсеткен [6, 723]. Ал, В. И. Дальдің анықтамасында құпия: «Жасырын, белгісіз, көрінбейтін, кімге болса да көрсетпеу ойымен жасырын сақталатын бірдеңе» [7, 368]. Осы көрсетілген анықтамаларға талдау жасалғанда «құпия» мен «сыр» атаулары бір-біріне синоним болып табылатындарын түсіндіреді.

Осыған байланысты құпия мазмұны, кеңейтілген тұлғалар ортасына арналмаған мәліметті құрайтын болғандықтан оларды жариялау, оны алып жүрушілер мен сақтаушыларға өздері қаламайтын жағдайлар тудыратынына көңіл аударуымыз қажет. Алайда жоғарыда көрсетілген анықтамалар жеткілікті еместей, себебі олар тек жалпы түсінікті береді және онда «құпияның» жалпы көп таралған мағынасы көрсетілген. Ал қылмыстық іс жүргізу қызметі заңмен қорғалатын және алдын ала қарастырылған құпияны керек етеді.

Заңмен қорғалатын құпияға қатысы болуы мүмкін ақпарат мазмұны туралы мәселені қарастыру барысында 2015 жылғы 24 қарашада қолданысқа енген Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» Заңының 3-бабына жүгіну керек: «Қазақстан

Республикасының заңдарына сәйкес қол жеткізілуі шектелген электрондық ақпараттық ресурстардан басқа, мемлекеттік органдардың қызметі туралы ақпаратты қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарға еркін қол жеткізуді және олардың міндетті түрде берілуі (ашықтық презумпциясы) қамтамасыз етіледі». Аталған Заңның 32-бабының 1-тармағына сәйкес, электрондық ақпараттық ресурстар меншік нысаны бойынша — мемлекеттік және мемлекеттік емес, қолжетімділік дәрежесі бойынша жалпыға бірдей қолжетімді және қолжетімділігі шектеулі болып табылады.

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 233-бабының 1-бөлігіне сәйкес, жасырын тергеу әрекетін жүргізу тапсырылған органның уәкілетті лауазымды адамы осы Кодекстің 198-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс қаулы шығарады.

Қазақстанда ЖІҚ-нің нәтижелерін анықтау органына, тергеушіге, прокурорға және сотқа беру тәртібі туралы бірлескен нұсқаулық жоқ, бізде тек 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 892 Бұйрық негізінде және Қазақстан Республикасы ҚПК 237-бабының негізінде жүзеге асырылады. Бұл, біріншіден, жоғарыда көрсетілген органдардың ЖІҚ-нің нәтижелерін беру тәртібінің сақталуын қажетті деңгейде бақылау мүмкіндігінен айырылуына әкеледі, екіншіден, құпиялылық тәртібінің бұзылуына түрткі болып және қаламайтын жағдайларға әкеледі, үшіншіден, аталған органдардың әрмен қарай тергеу қисынын құру үшін ЖІҚ-нің нәтижелерін толық көлемде алу мүмкіндігі болмайтынын білдіреді.

Жоғарыда көрсетілген жағдайларға байланысты Ресей Федерация тәжірибесінің қажет болар тұстарын қабылдаған жөн, себебі онда 1998 жылғы 13 мамырдан бастап «жедел-ізвестіру қызметінің нәтижелерін анықтау органына, тергеушіге, прокурорға және сотқа беру тәртібі туралы нұсқаулық» қолданылып келеді. Осындай нұсқаулықтың Қазақстан Республикасында да болғаны дұрыс. Себебі, ЖІҚ-нің нәтижелерін беру тәртібі толық көлемде лауазымды тұлғаларға белгілі болуы керек және олар алынған деректерді іске асырулары қажет. ЖІҚ-нің нәтижелерін беру тәртібі туралы нұсқаулықта ЖІҚ-нің нәтижелерін беру шараларын барлық тұрғыдан ашып көрсетілген. Бұл біздің мемлекетіміздің құқық қорғау саласына көрнекі үлгі болып табылады.

Бірақ, қарастырылып отырған мәселе бойынша туындаған түйткілерді шешу тәсілдерін дағдылы түрде көшіріп алуға болмайды. Өйткені тәуелсіз Қазақстанның өз ерекшелігі мен өзгешелігі бар дербес мемлекет екенін түсінуіміз қажет. Сол себепті, қарастырылып отырған мәселе бойынша РФ-ның аталған нұсқаулығынан тек негізгі тұрғысын алып, ЖІҚ-нің нәтижелерін іске асырумен байланысты сұрақтарды біздің мемлекетіміздің заңына негізделіп шешу қажет деп есептейміз. Алайда, егер, іс жүргізудің дербес және тәуелсіз субъектілері ретінде анықтаушы, тергеуші немесе сот оларға ұсынылған құжаттарды іске қатысы жоқ деп есептесе, онда дәлелді қаулы шығару арқылы оларды қабылдаудан бас тартуларына болады. Сол себепті, мемлекеттік құпияны құрайтын ЖІҚ-нің құжаттарын пайдалану мен іске асыру мүмкіндігі айтарлықтай шектеулі. Бұл шектеулер көрсетілген мәліметтерді құпиясыздандыру мүмкіндігімен ғана байланысты емес. Тек прокурор Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 201-бабында көрсетілген заңдылықты басшылыққа ала отырып, мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтердің жариялануына тыйым сала алады. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 29-бабына сәйкес, сот талқылауының жариялылығын шектеуге мемлекеттік құпияны қорғау мүдделеріне қайшы келгенде ғана жол берілген.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде мемлекеттік құпияны жариялағаны үшін жауапкершілік көрсетілген. Қазақстан Республикасы ҚК-нің 185-бабының 2-бөлігінде: «Адамның өзіне қызмет, жұмыс бабымен не Қазақстан Республикасы заңында көзделген өзге де негіздер бойынша сеніп тапсырылған немесе мәлім болған мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария етуі, мемлекеттік опасыздық белгілері болмаған кезде», — делінеді. Бұл мемлекеттік құпияның қорғалуының қосымша кепілі болып табылады.

---

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Якупов Р. Х. О пределах гласности в советском уголовном процессе // Проблемы совершенствования законодательства, регулирующего деятельность органов внутренних дел. — М., 1991. — С. 42.
2. Дюрагин И. Я. Гласность и тайна в уголовном процессе // Российский юридический журнал. — 1995. — № 4. — С. 31.
3. Смолькова И. В. Гласность и тайна в уголовном процессе // Следователь. — 1998. — № 7. — С. 37.
4. Красавчикова Л. О. Личная жизнь под охраной закона. — М., 1983. — С. 119.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. — Алматы, 2008.
6. Ожегов С. И. Словарь русского языка. — М., 1988. — С. 723.
7. Даль В. И. Толковый словарь великорусского языка. Т. 4. — М., 1956. — С. 368.